

A.B. НҰРЖАНОВА

«ТІЛ – ОЙЛАУ – ҒАЛАМ» ЖҮЙЕСІНДЕГІ «БАС» КОНЦЕПТІСІНІҢ КОДТЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Соматикалық тілдік модельдердің ішкі формасын ашууда тіл – ғалам модельнің кодтық қызметін атқарады. Яғни соматикалық модельдердің тілдегі семантикалық уәжделуі, тілді тек тілдік шенберде емес, ғалам модельнің коды («тіл – код») ретінде қарастыруға болатындығын көрсетеді. Осы орайда,

ғалам модельнің әртүрлі фрагментарлы көрінісі, әлем объектілері әртүрлі кодтардың тұзілуіне негіз бола алады деп, аспан әлемін (ай, күн) астралды код, өсімдіктер әлемін (адыраспан, жусан) вегетативті код, жан-жануарлар дүниесі – зооморфты код деп алсақ, және т.б. Бұл кодтар

этностин өмір сүру салтынан акпарат береді. Себебі, ғаламды танып-білуде әр этностин өзіне ғана тән ерекше дүниетанымы бой көрсететінін байқауға болады. Мәселен, казак тілі адамды ақиқат болмыстағы объектілердің бірі ретінде жеке дара ала отырып, оның дene кұрылсындағы маңызды мүше – **басты** тілдік модельдері арқылы жан-жақты сипаттайты, бөлшектей саралайды. Осы мақсатты іске асыруда, біз адам денесіндегі маңызды мүше басты «тіл – ойтау – ғалам» жүйесін негізге алып, былай жіліктейміз:

1. Бас – жоғарғы әлем (тәңірі) концепті. «Тәнірінің өзі жұп-жұмыр етіп жаратқаны да», «жоғарыдағы көк тәнірісімен тілдесе алатыны» да – бас. Бас – жерлік емес, «көк әлемінің дүниесі». Қазақтың діни танымы «адамның басы Алланың добы» деп бастың «Жаратқан Алланың меншік дүниесі» екендігін раставиды [1, 202] Жалпы, қазақ ұғымында бас киім де – қасиетті, киелі болып есептеледі. Бас киім – үйдін құтберекесінің символы. Этнограф-ғалым Н.Шаханова бас киімнің сакралды «жоғары жакқа» қатысты семантикалық статусын «құт» ұғымымен қарастыра келіп, «бас – «құт» мекендейтін үялайтын орын» деген түсініктің «қасиетті, киелі» саналуына негіз болғандығын айтады [2]. Сондықтан да қазақ бас киімді жерге тастауға, аяқпен басуға тыым салады, бұл жөнінде Ш.Уәлиханов былай дейді: «Некоторые киргизы (казахи) ни за что не дают своего головного убора, боясь худых последствий» [3]. Қайтыс болған адамның өзге киімін таратса да, бас киімін үйге қалдырады. Шала туған нәрестесін ата тымағына салып, уықтың қарына, керегенің басына іліп қойып, нәрестенің өмірге келуге тиісті «тоғыз ай, тоғыз күнін» толтыратын қазақ халқында рәсім де бар.

2. Бас – биокод. Бас – адамның, жан-жануарлардың ауыз, көз, құлак, мұрын, ми т.б. орналасқан дene мүшесі. Осы жөнө өзге де дene мүшелерінің тұстасығы, сана-сезімі арқылы адам биік тұлғаға айналып, «жоғарғы әлеммен» (аспан әлемі) де, «ортанғы әлеммен» (жер беті) де, «төменгі әлеммен» (жер асты әлемі) де үздіксіз байланыста болып биокодтық қызметтің атқарып отырады.

3. Бас – Адам концепті. Қоғам өмірінде аяғы мен қолы, көзі мен сөзі (тілі) жоқ кемтар адамдар жиі кездескенімен, басы жоқ адамның кездеспейтіні белгілі. Өйткені **бас – адам**. Сондықтан да қазақ халқы **басы аманның малы түгел, бастан құлақ садаға, бас аман болса шаш көп, бас аман болсын** деп, қандай да бір жағдай болмасын басының аман калғанына шүкіршілік еткен.

«**Басы аманның малы түгел**». Қоғамда өмір

сүретін әрбір адамға ен қажетті нәрсе – денсаулық. «Дені саудың жаны сау» демекші, әрбір адамның он екі мүшесі аман, дені сау болса, ол өмірден өзінің сыйбағасын ажыратада.

«Бастан құлақ садаға». Адам организміндегі бас соматизміне ерекше мән беріледі. Жалғыз бастың атқаратын қызметтің маңыздылығын, екі құлақтың бірі болмаса бірінің де қызметті тоқтамайтындығы, бас (сана-сезім) жоғарғы әлеммен тікелей байланысты болып, құлақ одан сөл төменде тұргандықтан да, қазақ халқы адамның амандығын тілей отырып, болашақтан күдер үзбеуге шақырған. Осы мағынада «**бас аман болса шаш көп**» деген сияқты мақал-мәтедер көптеп кездеседі. Оның барлығы да жалпы адам баласына амандық, саулық тілеуден туғандығы белгілі.

4. Бас – алеуметтік код. Адамның қоғамдағы алатын орнын даралау мақсатында мынадай соматикалық фразеологизмдер колданылады: **басында дәурені тұрды**, **басынан құсы кетпеді**, т.б. Мәселен, қазақ тіліндегі «**жосы болмады**» мағынасындағы **басына бұлт айналды**, **басына күн туды**, **басы белеге душар болды десе**, белгілі бір істің шешімін таптайды, **қинаған сәтте басын тауға да, тасқа да үрды**, **басын қоярға жер tapпады дейді**.

Басын қақ жарды «**корлық көрсетті**» **басына ноқта киді** «**еркіндіктен айрылды**» т.б. тұракты тіркестердің негізіне алынған еркін тіркестер реалды орган – басқа сырттан физикалық тұргыдан есер етуге болатынын көрсететін тілдік модельдер.

5. Бас – уақыт концепті. Адам өмірінің әр кезеңін сипаттайтын соматикалық фразеологизмдер: **басы жас** «**тұрмыска шықпаған**, он жақта отырған жас қыздарға айтылатын сөз», мұндай фразеологиям кейде әйелі жастай өлген ер азаматтарға да жұбату мағынасында айтылып жатады, **басы бос** «**үйленбеген, тұрмыска шықпаған**», **басына бас қосты** «**үйленді, тұрмыска шықты, үрпағы көбейді**», **басы байланды** «**еркіндіктен айрылды**» т.б.

Бұл күрделі конгломерат семантикалық дengейде бірдей болады, өйткені ол бір ғана нысанды – ғалам моделін, бір ғана субъект – Адам тұрғысынан суреттейді. Кодтардың мазмұнды бірлігі бір кодтан екінші кодқа ауысуға мүмкіндік береді.

Тіл мен ғалам моделін параллельді талдау – ғалам моделі мен тіл категориясының байланысын көрсетеді: ғалам моделінен тілге, тілден ғалам моделіне ауысуымызға болады [4]. Соңғысы тек тіл арқылы ғалам моделін суреттеуге болады дегенді ғана емес, сонымен қатар ол (FM) тілдік ұстанымдар арқылы сипатталуы мүмкін дегенді білдіреді. Біз

соматикалық тілдік модельдерді негізге ала отырып, олардың семантикалық өрісі арқылы ғалам моделіне шығу идеясын қарастырамыз.

Сонымен тіл – ғалам моделінің әмбебеп коды дей аламыз. Ғалам моделіндегі әртүрлі таңбалық кешендер әртүрлі кодтық жүйеде қарастырылуы мүмкін.

Адам арқылы айтылып, адам арқылы қабылданғаның барлығы да когнитивтік талдаудан, яғни экстралингвистикалық мәліметтер жүйесі арқылы талдаудан өтеді. Әлемге деген көзқарас мәдени таңбалар арқылы, олардың стереотиптері негізінде жүзеге асады, соның негізінде тілдің таңбалық мағынасы дүниетанымың мәдени-ұлттық жүйесімен қатынаска түседі. Шындық өмірде қандай бір ситуацияның жалпы мағынасы фразеологиялық бірліктер күрылымында әртүрлі бейнелер арқылы шешімін табады, яғни әлемдегі ситуациюны көру, бағалау әр халықта әркилі болады [5].

Қорыта айтқанда, казақ тіліндегі адамның өзін-өзі білуге, өзінің сезім әрекеттерін сарапап тануға бағытталған ақиқат болмыс үзінділерінің, соның

ішінде соматикалық тілдік бірліктердің ұлттық-мәдени мазмұнынан маңызды асыл құндылықтар табуға болады.

ӘДЕБИЕТ

1. Сагидолда Г. Поэтический фразеологизм в этномедицине. Алматы, Фылым: 2003. 247-б.
2. Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов. Алматы: Казакстан, 1998.
3. Валиханов Ч. Ч. Следы шаманства у киргизов. С.484.
4. Цивьян Т.В. Модель мира и ее лингвистические основы. М.: ДомКнига, 2006. 280 с.
5. Авакова Р. Фраземикалық этнолингвистикалық концепция. Екінші халықаралық түркология конгресі // Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері. 94-99-66.